



БҮЙІРҮМ

ҚОҢАТ

№ нсх: 193 от: 11.05.2020

**Білім және ғылым жүйесінде
мемлекеттік рәміздер заңнамаларының
сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі
қосымша шаралар туралы**

Мемлекеттік рәміздер мен ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградалар геральдикасы мәселелері жөніндегі республикалық комиссия отырысы хаттамасының 2.2-тармағының 2) тармақшасын орындау үшін

БҮЙІРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) қарамағындағы білім беру ұйымдарының бірінші басшылары, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының, аудандар мен қалалардың білім бөлімдерінің басшылары (келісім бойынша):

мемлекеттік рәміздер туралы заңнамаға қатаң сәйкестікте білім беру ұйымдарының ғимараттарында мемлекеттік рәміздерді пайдалануды қамтамасыз етсін;

мемлекеттік рәміздерді пайдалану, мемлекеттік рәміздердің тарихы, маңызы туралы және оларға құрметпен қарауды қалыптастыру жөнінде заңнама талаптарын зерделеу жөнінде қызметкерлермен, педагогтермен, білім алушылармен сабақтар ұйымдастырсын;

білім беру ұйымдарының бірінші басшыларының мемлекеттік рәміздер туралы заңнаманың сақталуына дербес жауапкершілігі туралы ескертсін;

осы бұйрықты ведомстволық бағынысты ұйымдардың назарына жеткізсін; қабылданған шаралар туралы ақпаратты Министрлікке 2020 жылғы 25 мамырға және 1 қыркүйекке дейін хабарласын.

2. Мектепке дейінгі және орта білім беру (М.Т. Мелдбекова), Ғылым (Ж.Д. Құрманғалиева), Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету (Г.А. Көбенова) комитеттері, Техникалық және кәсіптік білім (Н.Ж. Оспанова), Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім (А.Ж. Тойбаев) департаменттері: осы бұйрықты орындалуын;